

Түркістан облысының білім басқармасы
«Кентау көпсалалы колледжі» МКҚК-ның жиналыс
ХАТТАМАСЫ №2

Кентау қаласы

24.06.2023 ж.

Жиналысқа қатысқандар саны - 30 (отыз). Колледж әкімшілігі қызметкерлері, жалпы және арнайы пен оқытушылары.

Жиналыс төрайымы: Кентау көпсалалы колледж директоры Г.Шаймерденова

Хатшы: Әлеуметтік педагог Б.Ермекбаева

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы);
2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ);

Әлеуметтік педагог, комплаенс офицері Б.Бедебаева Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

(Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы) мәлімет беріп, әрбір бөлімі бойынша түсіндірме жұмысын жүргізіп өтті.

- 1-бөлім. Тұжырымдаманың, паспорты.
- 2-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау.
- 3-бөлім. Халықаралық тәжірибені шолу.
- 4-бөлім. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту пайымы.
- 5-бөлім. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері.
- 6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер.
- 7-бөлім. Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары (қосымша)

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ) бөлімдеріне жеке-жеке тоқталып, тараулары мен баптары туралы жалпы мәлімет беріп өтті.

- 1-бөлім. Жалпы ережелер.
- 2-бөлім. Еңбек қатынастары.
- 3-бөлім. Еңбек саласындағы әлеуметтік әріптестік және ұжымдық қатынастар.
- 4-бөлім. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау.
- 5-бөлім. Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының сақталуын бақылау.

Семинар сонында қатысушылардың сұрақтары жеке-жеке тыңдалып, жауап берілді.

Жиналыс төрайымы Г.Шаймерденова қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын және Еңбек Кодексінде пайдаланылатын негізгі ұғымдар туралы толық мәлімет беріп өтті.

Сондай-ақ, жемқорлықпен күрес әрбір саналы азаматтың парызы екендігін ескертіп, жемқорлықсыз қоғам құруға атсалысуға шақырды. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да аз емес екендігін, бірақ нәтежиенің төмендігі туралы өз ойын айтып өтті.

Жиналыс төрағасы

Хатшы



Г.А.Шаймерденова

Б.Ш.Ермекбаева